

## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ КІТАПХАНАНЫҢ МӘЖІЛІС ЗАЛДАРЫН БРОНДАУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ

Мәжілістер мен зайырлы шаралар өткізу үшін **әл-Фараби атындағы кітапхана** сыйымдылығы 50- 80- 350 адамға дейін болатын мәжіліс залдарын жалға ұсынады. Барлық залдар онлайн-трансляция үшін, семинарлар, тренинг және т.б. мақсаттарда қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған (теледидар, мультимедиалық жүйе, BOSCH аппаратурасы: күшейткішті микрофон, камера, крамер-сплитер және т.б.).

Мәжіліс залдардың алдында қонақтарды қарсы алуға және тіркеуге ыңғайлы кең фойе бар, сонымен бірге ол жерде таңғы және түстен кейінгі кофе-брейктер өткізу үшін жағдай жасалынған.

Жалға берілетін бөлмелер жайлы толық ақпаратты төмендегі сілтеме бойынша ала аласыздар: <https://elibrary.kaznu.kz/ru/node/category/halls-gallery>

Залдардың мәртебесі (ваканттылығы) жайлы ақпаратты кітапхана сайтынан, мына меню арқылы табасыздар: <https://elibrary.kaznu.kz/ru/bronirovanie-zalov>.

Төртінші қабатта шаралар өткізу үшін залдарды (401, 408, 409, 410, 416) Университеттің академиялық мәселелері жөніндегі проректорының атына өтінім беру арқылы, ал үшінші қабаттағы залдарды (303, 304, 307, 308) кітапхана директорының атына өтінім беру арқылы брондай аласыздар

Университет қызметкерлері өтінімді оқу орнының Salem-office ішкі құжатайналым жүйесі арқылы рәсімдей алады (<https://odo.kaznu.kz/>).

Жалға беруші мен клиент арасындағы келісім университеттің Экономика және қаржы департаменті мен Заң және құжатпен қамтамасыз ету департаменті арқылы (Жалға беру келісімінің үлгісі қосымша ұсынылған) жасалады. Жалға беру туралы келісім болатын іс-шарадан **3 апта бұрын** рәсімделуі тиіс.

Кітапхана жұмыс күндері 9:00-дан 18:00-ге дейін істейді, өтінім беру мен шараларды өткізу осы уақытта жүзеге асырылады, демалыс күндері өтетін шаралар жайы келісімді жасау барысында талқыланады.

Толық ақпарат алу үшін біздің корпоративті электронды поштамызға хабарласыңыздар: [library@kaznu.edu.kz](mailto:library@kaznu.edu.kz).

Біз сіздерге шағын мәжілістер мен ауқымды конференцияларды жоғары деңгейде өткізуге үлкен қуанышпен жәрдемдесеміз!

- 3-қабаттың мәжіліс-залдары: 304 (фото), 307(фото), 308 (фото), үлкен экрандармен және мінбермен жабдықталған
- 4-қабаттың мәжіліс-залдары: 409 (фото) Zoom трансляция, екі тарапты LED дисплейлер, 408 (фото), 416 (фото).
- Қосымша залдар: Меморандумға қол қою үшін, қонақтарды қабылдауға арналған 401 (фото), демалыс бөлмесі, кофе-брейкке арналған 410 (фото) немесе холл (фото).